

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс LIX сессиясының 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 425 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 ақпанда № 1606 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 23 маусымдағы № 462 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 23.06.2020 № 462 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін.

2. Алматы қаласы Мәслихатының аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жергілікті мемлекеттік басқару және тұрғын үй саясаты мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Е.Б. Қасымовқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бабақұмаровқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының
кезектен тыс LIX сессиясының төрағасы*

М. Грачев

*VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының
хатшысы*

К. Казанбаев

шешіміне қосымша

Алматы қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі

1. Осы Алматы қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі Қазақстан Республикасының

Конституциясында белгіленген Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт әрі қаруыз жиналуда, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер және пикеттер өткізу құқығының іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сейлеуді өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

3. Алматы қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары болып келесі аумақтар белгіленсін:

- 1) "Сары Арқа" кинотеатрының артындағы гүлзар;
- 2) Махатма Ганди атындағы саябақ.

4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 3-бабына сәйкес бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу туралы өтініш Алматы қаласының әкімдігіне беріледі.